

## ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЭЛЕКТРОСТАТИКА ТАРАУЫНА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Нұржауова Ұ.Б.

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.

Ғылыми жетекші: Косжанова А.Г Аға оқытушы

Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті.  
Қостанай қаласы.

### Аннотация

Оқушының жеке тұлғасы, оқуға деген ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Осы аталған қасиеттерді жетілдіру арқылы олардың білім көкжиегін кеңейтіп, дамыта аламыз. Сонымен қоса физика курсынан алған білімдерінің практикалық пайдаланылуы мен күнделікті өмірде қолданылуын көрсете алу үшін мұғалім шеберлігінің алатын орны ерекше. Мұғалім шеберлігі сабаққа дайындығымен оның ішінде сабақ жоспарларын даярлауымен ерекшеленеді. Неғұрлым жоспар нақты болса солғұрлым сабақ жоғары деңгейде өтеді.

### Түйінді сөздер

Уәж- мақсатқа бағытталған іс-әрекеттер және қолдау тапқан үдеріс.

Метасана- қалай оқу керектігін үйрету, оқу дағдысын қалыптастыру.

Кері байланыс- оқушыларға өз білімін қадағалау мен бағалауға көмектесетін әдіс. Мұғалім мен оқушылардың жетістікке жетуі.

Дағды- автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген іс-әрекет. Әрекеттің адам бойына орнығуы.

### Аннотация

Личность ученика, способность и желание учиться и развитие одной из основных проблем сегодняшнего дня. Благодаря совершенствованию этих качеств мы сможем расширить и развить горизонты их знаний. Кроме того, особое место занимает мастерство учителя для того, чтобы продемонстрировать практическое использование полученных знаний в курсе физики и применение их в повседневной жизни. Мастерство учителя отличается подготовкой уроков, в том числе подготовкой планов уроков. Чем точнее план, тем выше урок будет проходить на высоком уровне.

### Ключевые слова

Мотивация- целенаправленные действия и поддерживаемый процесс.

Рефлексия- это способ помочь студентам контролировать и оценивать свои знания. Успех учителей и учеников.

Навык - это действие, которое доставляется до того, как оно будет создано автоматически. Установление действия в человеке.

### Annotation

The student's personality, ability and desire to learn and development is one of the main problems of today. By improving these qualities, we can expand and develop the horizons of their knowledge. In addition, a special place is given to the skill of the teacher in order to demonstrate the practical use of the knowledge obtained in the course of physics and their application in everyday life. The teacher's skills differ in the preparation of lessons, including the preparation of lesson plans. The more precise the plan, the higher the lesson will be held at a high level.

Key words Motivation - targeted action and supported process.

Reflection is a way to help students control and evaluate their knowledge. The success of teachers and students.

A habit is an action that is delivered before it is created automatically. Establishment of action in man.

Физика сабағында электростатика тарауына қысқа мерзімді жоспар әзірлеу әдістемесі

XXI ғасырдың оқушылары алған білімдерін игеріп қана қоймай, оларды қажет жерде қолдана білуіне үйрету қазіргі таңда басты назар аударарлық жайт болып табылады. Бұл дағдыларды қалыптастыру үшін мұғалімдерде жұмыстарына ден қойып, қажетті уақыт бөле білулері керек, тек бұл ғана емес, оқушылардың оқуын барынша даралап, баланың бойында метасананы яғни қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыра отырып, баланы тұлға ретінде дамытуда өз үлестерін қосуы қажет. Осындай тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімдер оқушыларды рухани жағынан азықтандыратын, қызығушылығын арттыратындай тиімді әрі қызықты сабақ өтуі керек. Ол үшін ең бірінші ұлағатты ұстаздарының шеберліктерін шыңдау барысында инновациялық шығармашылық жұмыстар жүргізуге дағдыландыру керек екені анық. Осындай дағдыны оқушының бойынан көру үшін және оқушы жетістігін ары қарай дамыту үшін, мұғалімге үлкен жауапкершілік артылып отыр. Сол себепті білімге жаңаша көзқараспен, жаңаша бағытпен қарайтын кез келді. Себебі күннен-күнге жаңалық пен ақпаратқа толы заманда, өскелең ұрпаққа білім берудің басқаша әдіс-тәсілдері қажеттілік ететіні хақ. Дәстүрлі сабақтарды өткізу заманауи балаларды оқытуға деген қызығушылық пен уәждемені төмендетеді.

Қазіргі уақытта бала өзінің білімі үшін жауапкершілікті сезінуі тиіс, ол үшін мұғалім оқушының оқуға деген ынтасын оятуы тиіс. Сондықтан мұғалімнің әрбір жоспарланған сабағы оқушының тиімді өтуі үшін мұғалімнен үлкен ізденісті талап етеді. Мұғалім сабағын ерекше өткізу жаңартылған бағдарлама бойынша жоспар құрудан басталады. Бағдарламаның өзі ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарды қарастырады. Қысқа мерзімді жоспар бұл жеке сабақ жоспары. Мұғалім сабағын сәтті өткізу осы қысқа мерзімді жоспардың дұрыс құрылуымен байланысты. Қысқа мерзімді жоспарды жоспарлау кезінде оқытудың әрбір кезеңінен бастап сабақтың соңына дейін оқушылардың қажеттілігін ескеру қажет.

Сыныптағы оқушыларды оқытуға бағытталған оқу ортасын құруды жоспарламас бұрын, мұғалімдер бағдарлама шеңберінде келесі мәселелер бойынша ой қорытуы тиіс:

- \* Балалар қалай оқиды?
- \* Не үйрену керек?
- \* Оқушылар нені қалайды?
- \* 7 модульдің интеграциясы не береді?

Оқу ортасын ұйымдастыру және оларды оқытудағы прогресті қамтамасыз ету қажет.

Қысқа мерзімді жоспар SMART мақсатының нақты қойылымынан басталады.

Мақсат-өлшенетін, нақты, қолжетімді, шынайы, уақытқа негізделген болуы тиіс. Мақсат бір сабақта сол мақсатқа қол жеткізуге негізделуі тиіс. Бір мақсатпен бір нәтижені көру үшін. Қандай мақсаттар қол жетімді болуы керек, сабақ жоспарында мақсаттың нәтижелерін көру үшін қандай тапсырмаларды тиімді пайдалану қажет деген сұраққа жоспар құру кезінде мұғалім келесі мәселелер бойынша ойлануы керек:

- Бұл сабақта оқушы не білуі керек?
- Оқушы не істейді?

- Яғни, жоспарланған тапсырмаларды орындаған кезде оқушылардан не күтесіз.

- Тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары бойынша қандай міндеттер бересіз?

- Берілген тапсырмалар олардың жас ерекшеліктеріне сай келеді ме?

- Нәтижесінде оқушы не болды, прогресс болды ма?

Қандай да бір тапсырма міндетті түрде оқушыға бағытталуы керек. Әр тапсырманы орындағаннан кейін кері байланыс орнату қажет. Кері байланыс мұғалім мен оқушы арасындағы сенімге негізделген, келесі сабақты тиімді жоспарлау, сабақты талдау және бағалау нысаны болып табылады.

Сабақ барысында мұғалімнің рөлі қандай болуы керек:

Бірінші кезекте сіз бағыт-бағдар берушісіз, өйткені сіз оқушылар тапсырманы қалай орындау керектігін түсіндіретінінзді көрсетесіз. Оқушылар тапсырмаларды орындағанда, сіз оларды әрқашан бағыттауға тырысуыңыз керек.

Екіншіден, бақылаушы, бағалаушысыз. Бақылаушы болған жағдайда сіз оқушының оқуы туралы деректерді жинайсыз, қадағалайсыз, ал бағалаушы рөлінде сіз қалыптастырушы бағалау мен қорытынды яғни жиынтық бағалау жүргізесіз.

Үшіншіден, мұғалім қолдаушы болуы керек, мысалы, оқушы әрбір тапсырманы орындағын кезде сіз мұғалім ретінде оқушыны ынталандырып отыруыңыз қажет.

Сабақ соңында мұғалім рефлексия өткізуі тиіс, себебі неге қол жеткізілетіні, сабақта сәтсіз сәттерді қалай жою керектігі туралы ойланып келесі сабақта осындай осал тұстарды болдырмауға тырысады. Сонымен қатар, әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты Өзіндік білім алуға, оқуға, күнделікті сабақ жоспарын жоспарлау кезінде өмірде алған білімдерін қолдана білуге бағытталуы тиіс. Тек осындай жан-жақты жоспарлауда мұғалім жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады.

Заман ағымына ілесіп жаңашыл бағытта жұмыс жүргізу – барша ұстаз алдында тұрған негізгі мақсат. Жас ұрпақты сапалы, саналы білім алуға, заманауи талаптарға сай оқытуға қабілеттің дамытуға, сабақта жаңа әдістерді қолдана отырып алған білімдерін қажет жерде қолдана білетін, өз пікірін анық жеткізе алатын жас ұрпақ тәрбиелеу қазіргі мұғалімнің алдына қойылған негізгі міндеті болып табылатындығын жадымызда сақтайық!

Әдебиеттер тізімі:

«Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы мұғалімге арналған нұсқаулық. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz)

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы. Студентке арналған нұсқаулық. Бірінші басылым. [Www.cpm.kz](http://Www.cpm.kz)

Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей. (2014 жыл)

## **ПРОЕКТИРОВАНИЕ ФАКУЛЬТАТИВНОГО КУРСА «МАТЕМАТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ В АСТРОНОМИИ»**

Ефименко В.Ю. Костанайский Государственный Педагогический Университет  
им. У. Султангазина, г. Костанай

Научный руководитель: Калжанов М.У. Костанайский Государственный  
Педагогический Университет им. У. Султангазина, г. Костанай